Нұраева Еркежан



АБАЙТАНУДАҒЫ АҚТАҢДАҚТАР



"ҚУАНЫШ" КЛУБЫ АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ



ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІ


+6

Рухани байлық. Терең білім. Әлеуметтік әділдік.

# ЕРТІС ӨҢІРІ

Республикаға таралатын апталық газет

4 мамыр · сәрсенбі · 2022 жыл · №18 (1067) · Газет 2001 жылдың 9 қарашасынан бастап шығады · Бөлшек саудадағы бағасы келісімді · ertisoniri.kz


## Қадір түні

Жылына бір рет Рамазан айында келетін қасиетті Қадір түнінің рухани салмағы зор екені көпшілікке аян. Әйтсе де, қалың жұртшылық қасиетті түнді ұлықтағанымен, Қадір түнінің тарихы мен мән-мағынасына терең үңіле бермейтіні де шындық. Соған орай, үстіміздегі жылдың үлесіне тиген сәуір айының 27-нен 28-не қараған түні қасиетті Қадір түнінде «ТВК-6» телеарнасы жылдағы дәстүрінен айнымай, тікелей эфирге шығып, өңір имамдарын студия төріне шығарып, Қадір түнінің қасиеті мен қадірі жайлы кеңінен әңгіме өрбітті. Бағдарлама барысында көрермендерден келген көптеген сұрақтарға жауап қайтарылып отырды. Бұл жауапты істі ұжым қызметкерлері бір кісідей атқарып шықты.

(Жалғасы 10-11 беттерде)



# ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ МЕРЕКЕСІ АТАП ӨТІЛДІ

**1 мамыр еліміз патриоттықтың, туған жерге деген сүйіспеншілік пен адалдықтың жарқын белгісі болып табылатын Қазақстан халқының бірлігі күніне орай Республиканың барлық аймақтарында мерекелік шаралар өтуде. Семей қаласында айтулы мереке қаланың Орталық алаңында атап өтілді. Бұл жерде "Достық" үйіндегі этно-мәдени орталықтардың қолөнер бұйымдарының көрмесі, кітаптар көрмесі қойылды, ойын алаңы және оқу залдары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, жиналғандарға мерекелік концерттік бағдарлама қойылды.**






Қала тұрғындарын Семей қаласының әкімі Бақытжан Байахметов құттықтады.

– Құрметті семейліктер, бүгін біз бірге Жаңа Қазақстан құрамыз! Осындай тарихи белестер, жаңа шынайылықтар талап ететін өзгерістерсіз мүмкін емес. Мемлекет басшысының ел Конституциясына өзгерістер енгізуді жалпыхалықтық референдумда қарау туралы ұсынысы жан-жақты демократияландыру бағыттарын және Жаңа Қазақстан құруды нығайтады.

Сіздерді әрбір қазақстандық үшін айтулы мерекемен құттықтаймын!

Зор денсаулық, береке, бақыт, әр шаңырақта, әр отбасында бейбітшілік пен келісім болсын!, – деп құттықтады жиналғандарды шаһар басшысы Бақытжан Байахметов.

Қала тұрғындарын Шығыс Қазақстан облыстық "Татарлар" қоғамдық орталығының жетекшісі құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, балалардың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің қоғамның негізгі мақсаты. Президент биылғы жылды балалар жылы деп жариялады. Міне сондықтан бүгінгі іс-шара «Жер шарының барлық балалары бірге қол ұстасу керек» деген ұранымен өтті. Баршаңызды шын жүректен мерекемен құттықтаймын. Бұл күн – достықтың, ынтымақ пен жасампаздықтың белгісі. Қазақстан халқының Бірлігі күні – мейірімділік, бейбітшілік, еңбек мерекесі. Біз бірлігімізбен қуаттымыз. Сүйікті Отанымыз бен өсіп келе жатқан жас ұрпаққа бақыт пен гүлдену тілеймін, – деп лебізін білдірді.

Мерекелік іс-шара концерттік бағдарламамен аяқталды.

